

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



«Бекітемін»

Қабылдау комиссиясының төрағасы

Басқарма төрағасы-ректор


Идрисов С. Н.

« 14 » 06 2024 ж.

**6B01405-«Көркем білім» (IP) білім беру бағдарламасы бойынша
шығармашылық емтихандар
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Атырау, 2024 ж.

Әзірлеушілер:
Кафедра меңгерушісі
Аға оқытушы, магистр
Аға оқытушы, магистр


Бекешева А.С.
Төлеуов Д.А.
Карабалин У.Т.

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданған:

Хаттама № « » мамыр, 2024 ж.

Каф. меңгерушісі



Бекешева А. С.



МАЗМҰНЫ

1. Емтихан мазмұны
2. Емтихан өткізу тәртібі
3. Шығармашылық емтихан тапсырмалары
4. Ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге шығармашылық емтихан
5. Бағалау критерийлері
6. Әдебиеттер

**6B01405-«Көркем білім» (IP) білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерден
шығармашылық емтихан қабылдау
бағдарламасы**

1. ЕМТИХАН МАЗМҰНЫ

1.1 6B01405- «Көркем білім» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізу бағдарламасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жасалды ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы 03.05.2024 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып. ҚР ХӘҰ №212 бұйрығы.

Екінші шығармашылық емтиханның максималды балл саны-100 балл.

Әр емтиханның максималды саны-50 балл, ең төменгі-5 балл.

Тестілеудің екі міндетті пәні:

1. ҚР тарихы;
2. Оқу сауаттылығы.

Екі шығармашылық емтихан:

1. Сурет
2. Кескіндеме

2. ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

2.1 «Сурет» және «Кескіндеме» пәндері бойынша емтихан бейнежазбамен жабдықталған арнайы аудиторияларда бекітілген кестеге сәйкес екі күн ішінде (3 сағаттан) өткізіледі. Оқуға түсушілер үшін әзірленген тапсырмалардың екі нұсқасына сәйкес қойылымдар дайындалады. Талапкердің аудиториядағы орны емтихан алдында алынған нөмірге сәйкес келеді. Сурет және Кескіндеме қабылдау комиссиясының мөрімен А3 форматында орындалады. Барлық жұмыстарды қабылдау комиссиясының өкілі шифрлайды.

2.2 Сурет бойынша емтихан үшін келесі құралдар мен материалдар ұсынылады: қағаз, жұмсақтығы әр түрлі қарындаштар (HB, B, 2B), өшіргіш (жұмсақ, сурет салуға арналған).

2.3 Кескіндеме бойынша емтиханға келесі құралдар мен материалдар ұсынылады: акварель қағазы, акварель бояулары (Ленинград, Нева), «HB» қарындаштары, жұмсақ өшіргіш, жұмыр қылқаламдар (күзен, тиін, № 2, 6, 10), су құюға арналған ыдыс болуы керек.

3. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЛАРЫ

1 шығармашылық емтихан

3.1 Сурет пәні бойынша тапсырма (гипстен жасалған Сократ немесе Венера бетпердесі)

1. Емтихан бойынша гипстен жасалған Сократ немесе Венера бетпердесінің суретін: пішімде композициялық ізденіс; гипс жапырақ пішінінің арақатынасы, оның өзіне тән ерекшеліктері (көлемі, бұрылысы, бір-біріне қатысты орналасуы), кеңістіктегі орыны; бөліктерінің пропорцияларын сақтау; үлкен конструкциялық құрылым және үлкен пішімді жарық пен көлеңке арқылы сомдау; сызықты, штрихті, дақты нақты айқындау; суреттің толық аяқталуы.

2. Емтихан тапсырмасын орындау бойынша ұсыныстар: жұмысты үш негізгі кезеңге бөлу. Барлық кезеңдер тең уақыт бөліктеріне бөлінеді:

1) композицияны анықтау. Бейне қағаз парағына жақсы орналастырылуы керек. Парақтың екі өлшемді жазықтығында қойылымның үш өлшемділігін көрсету қажет;

2) суреттегі пропорцияларда пішінінің құрылымын дұрыс анықтау;

3) суреттегі реңдік қатынастарды құру. Қойылым көлемін реңмен жеткізу.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ


- нашар еститін;
- нашар көретін;
- сөйлеу бұзылыстары;
- тірек-қимыл аппаратының кемшілігі;

«Сурет» пәнінен шығармашылық емтихан талаптарын орындауда ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге қойылымға жақын орналасуына жағдай жасалады.

Сурет А3 форматындағы қағазда орындалады.

Жұмыс ұзақтығы-3 сағат.

Гипстен жасалған Сократ немесе Венера бетпердесі (қойылым нұсқалары)



БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Сурет пәнінен шығармашылық емтиханда бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Қағаздың форматын дұрыс таңдау (көлденең немесе тігінен орналасуы)	5
2	Нақты белгіленген композициялық ортаға сай орналастыру сауаттылығы. Парақтың бетіне композицияның барлық бөліктерін ұтымды сиғызу, бейнені қағазға дұрыс орналастыру дағдысы, композициялық тепетеңдік.	15
3	Қағаз бетіндегі композициялық шешімі, пропорцияны сезуі, көз мөлшері, жарық пен көлеңкенің талдауы, тұтас пішін мен көлемдерін штрих пен сызықтар арқылы көрсетуі.	15
4	Ауа және сызықтық перспектива заңдылықтарын ескеру.	15
	Барлығы:	50

Жұмыстарды бағалау кезінде комиссия олардың мынандай ерекшеліктеріне көңіл бөледі:

50-40 балл – «өте жақсы»

- Композициялық шешімі дұрыс құрылған болуы.
- Перспектива заңдылықтары дұрыс сақталған болуы.
- Нәрсенің, заттардың пішіні жазықтыққа ретімен орналастырылуы.
- Жарық, көлеңке, реңдік қатынастардың шебер табылуы.
- Жұмыстың толық аяқталуы, кеңістікті көрсете білуі.

39-22 балл – «жақсы»

- Композициялық шешімінің дұрыс құрылуы.
- Перспектива заңдылықтарының жалпы сақталуы.
- Нәрсенің, заттардың құрылымы болмашы кемшіліктермен жазықтықта орналасқан болса.
- Жарық, көлеңке, реңдік қатынастар толық берілмей жұмыс жалпы аяқталмаған болса.
- Кеңістікті көрсете алмауы.

21-5 балл – «қанағаттанарлық»

- Композициялық шешімі қате болуы.
- Перспектива заңдылықтары жалпы сақталмауы.
- Нәрсенің, заттардың құрылымы табылмауы.
- Жазықтық бетіне дұрыс орналастырылмауы.
- Жарық, көлеңке, реңдік қатынастар көрсетілмеуі.
- Материалдық қасиеттерін жетік көрсете алмауы.

4-0 балл – «қанағаттанарлықсыз»

- Композиция шешімін таба алмауы.
- Перспектива заңдылықтарының мүлдем сақталмауы.
- Заттардың, нәрсенің пішіні, құрылымы жағынан қате болуы.

Сурет пәнінен шығармашылық емтиханда ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерді бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері:	балл
1	Қағаздың форматын дұрыс таңдау (көлденең немесе тігінен орналасуы)	10
2	Нақты белгіленген композициялық ортаға сай орналастыру сауаттылығы, бейнені қағазға дұрыс орналастыру дағдысы, композициялық тепе-теңдік.	20
3	Пропорцияны сезуі, көз мөлшері, жарық пен көлеңкенің табылуы.	20
	Барлығы:	50

Жұмыстарды бағалау кезінде комиссия олардың мынандай ерекшеліктеріне көңіл бөледі:

50-40 балл – «өте жақсы»

- Композициялық шешімі дұрыс құрылған болуы.
- Перспектива заңдылықтары дұрыс сақталған болуы.
- Жарық, көлеңке қатынасы.

39-22 балл – «жақсы»

- Композициялық шешімінің дұрыс құрылуы.
- Перспектива заңдылықтарының жалпы сақталуы.
- Нәрсенің, заттардың құрылымы болмашы кемшіліктермен жазықтықта орналасқан болса.
- Кеңістікті көрсете алмауы.

21-5 балл – «қанағаттанарлық»

- Композициялық шешімі қате болуы.

- Перспектива заңдылықтары жалпы сақталмауы.
- Нәрсенің, заттардың құрылымы табылмауы.
- Жазықтық бетіне дұрыс орналастырылмауы.
- Жарық, көлеңке, реңдік қатынастар көрсетілмеуі.

4-0 балл – «қанағаттанарлықсыз»

- Композиция шешімін таба алмауы.
- Перспектива заңдылықтарының мүлдем сақталмауы.
- Заттардың, нәрсенің пішіні, құрылымы жағынан қате болуы.

3.2 «Кескіндеме» пәні бойынша тапсырмалар (натюрморт)

II-ші шығармашылық емтихан

Әр түрлі көлемдегі екі-үш заттан тұратын натюрморт (тұрмыстық заттар, маталар және жемістер). Мысалы, кофе ыдысы, шыныаяқ, гипсті пішіндер және драпировка мен алма және т. б.

Суреттің тональды бірлігі мен тұтастығын, орналасуы мен құрылымын көрсету; Форматта композициялық ізденісті орындау; заттардың негізгі қатынастары; Жартылай көлеңкедегі заттардың табиғи түсін, түс рефлекстерін көрсетіңіз; Заттар мен драпировканың өз және құлама көлеңкелерін, жарық-ауа ортасын беру; Жұмысты үш негізгі кезеңге бөліңіз. Барлық кезеңдерді тең уақытқа бөліңіз:

- 1) қойылымды форматта дұрыс орналастыру. Кеңістікте жазықтық пен натюрморт заттарын салу (кескіндемеге қойылым құрлымын қарындашпен орындалады);
- 2) кескіндемеде негізгі түстерді-тондық қатынастарды және қойылымдағы жарық-ауа ортасын беру. Натюрморт бөлшектерін пысықтау;
- 3) соңғы кезең. Барлық бөлшектерді біртұтас тұтастыққа біріктіріңіз.

Сурет А2 (42х64см) форматындағы қағазда орындалады
Жұмыс ұзақтығы-3 сағат.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

- нашар еститін;
- нашар көретін;
- сөйлеу бұзылыстары;
- тірек-қимыл аппаратының кемшілігі;



«Кескіндеме» пәнінен шығармашылық емтихан талаптарын орындауда ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге қойылымға жақын орналасуына жағдай жасалады.

Мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай емтихан жұмысын орындауды ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі талапкер үшін өзіне таныс, қажетті және жеткілікті орындау материалын әзірлеу.

Сурет А3 форматындағы қағазда орындалады.

Жұмыс ұзақтығы-3 сағат.

«Кескіндеме» (натюрморт)



Кескіндеме пәнінен шығармашылық емтиханда бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Баллы
1	Қағаздың форматын дұрыс таңдау (көлденең немесе тігінен орналасуы)	10
2	Нақты белгіленген композициялық ортаға сай орналастыру сауаттылығы. Парақтың бетіне композицияның барлық бөліктерін ұтымды сиғызу, нәрселерді орналастыру, жеке нысандардың бейнесін қағазға дұрыс орналастыру дағдысы, композициялық тепетендік.	10
3	Берілген қойылымның композициялық, түстік шешімінің үйлесімділігі.	15
4	Ойдың көркемдігі мен композициялық және кескіндемелік шешімнің сомдылығы.	15
	Барлығы:	50

Талаптар:

- Бейнелеудегі нысанды қағаз бетіне композициялық тұрғыда орналастыру;
- Құрылымдық құрастыру, мықты сурет;
- Сауатты түстік және рендік шешім;
- Бөлшектерді нақтылы түрде рендік пішіндеу;
- Тапсырманың барлық көлемін орындау.

50-40 балл – «өте жақсы»

- Композиция тақырыпты толық ашуы.
- Композицияны құрастыру заңдылықтарын түсінуі.
- Эскиздің бейнелік-пластикалық шешімінің мәнерлілігі;
- Академиялық сурет және кескіндеме дағдыларын жоғары деңгейде игеруі, нобайдық түстік шешімінің мәнерлілігі.
- Тапсырманың толық көлемде аяқталуы.
- Жұмыс композициялық негіздерді игергендігін көрсетеді, форманың конструктивтік және түстік көлеңкелік құрастырылуы.
- Жұмыстың жоғары көркемдік деңгейде орындалуы.

39-22 балл – «жақсы»

- Композиция нобайының тақырыпты толық ашуы.
- Композицияны құрастыру заңдылықтарын түсінуі, бейнелік-пластикалық шешімінің мәнерлілігінде жаңалықтың болмауы немесе жетіспеуі.
- Жұмыс академиялық сурет және кескіндеме дағдыларын көрсетеді.

21-5 балл – «қанағаттанарлық»

- Нобай композициясы орындалған, бірақ тақырып ашылмаған.
- Бейнелік-пластикалық шешімінің мәнерлілігінде жаңалықтың болмауы немесе жетіспеуі.
- Композицияның түстік үйлесімділік гармониясы жоқ.

4-0 балл – «қанағаттанарлықсыз»

- Тапсырма төмен көркемдік деңгейде орындалған.
- Композицияның түстік шешімінің гармониясының жоқтығы, академиялық сурет және кескіндеме дағдыларының төмен деңгейі.

Кескіндеме пәнінен шығармашылық емтиханда ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерді бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийлері:	балл
1	Қағаздың форматын дұрыс таңдау (көлденең немесе тігінен орналасуы)	10
2	Нақты белгіленген композициялық ортаға сай орналастыру сауаттылығы, бейнені қағазға дұрыс орналастыру дағдысы, композициялық тепе-теңдік.	20
3	Берілген қойылымның түстік шешімінің үйлесімділігі.	20
	Барлығы:	50

50-40 балл – «өте жақсы»

- Композиция тақырыпты толық ашуы.
- Композицияны құрастыру заңдылықтарын түсінуі.
- Этюдтың пластикалық шешімінің мәнерлілігі;.

39-22 балл – «жақсы»

- Композиция тақырыпты толық ашуы.
- Пластикалық шешімінің мәнерлілігі жетіспеуі

21-5 балл – «қанағаттанарлық»

- Композициясы орындалған, бірақ тақырып ашылмаған.
- Бейнелік-пластикалық шешімінің мәнерлік жетіспеуі.
- Композицияның түстік үйлесімділік гармониясы жоқ.

4-0 балл – «қанағаттанарлықсыз»

- Тапсырма төмен көркемдік деңгейде орындалған.
- Композицияның түстік шешімінің гармониясы төмен деңгейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Осмоловская О.В., Мусатов А.А. «Рисунок по представлению» учебное пособие М., «Архитектура-С» 2012г.
2. Ломоносова М. Т. Графика и живопись. Учебное пособие. - М., Астель, 2006. – 202 с
3. Штаничева Наталья Сергеевна, Денисенко Виктор Иванович. Живопись. Учебное пособие для ВУЗов Академический проект, 2009 г.
4. Д Анрие, Касан А., Дитрих Ф. Основы живописи. Полное учебное пособие. Композиция, перспектива, живопись АСТ, 2020 г.
5. Ли, Н.Г. Основы учебного академического рисунка: учебник для вузов/Н.Г. Ли. - М.: Эксмо, 2007.
6. Ли Н.Г. -Рисунок. Основы учебного академического рисунка. Учебник,-М.: Эксмо 2011.
7. Беляева С.Е., Розанов Е.А. Спец рисунок и художественная графика. М.: 2006
8. Тихонов С.В. «Рисунок» учебное пособие для вузов, М., изд-во «Архитектура», 2001г.
9. Кирцер, Ю. М. Рисунок и живопись: Учеб. Пособие.6-е изд., - М.: Высш. шк., 2005 г.
10. Тихонов С.В. «Рисунок» учебное пособие для вузов, М., изд-во «Архитектура», 2001г